



Ғылыми мақала  
ХҒТАР 02.71



<https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-149-4-310-324>

## Қазақ даласындағы әулиелер: дәстүр және сабақтастық

Абзал Өмірбай✉<sup>a</sup>, Раушан Иманжүсіп<sup>a</sup>

<sup>a</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

✉ [kazak\\_abzal@mail.ru](mailto:kazak_abzal@mail.ru)

**Аңдатпа.** Мақалада әулие феномені және олардың қазақ мәдениетіндегі рөлі мен маңызы қарастырылады. Әулиелердің қазақ даласындағы интеллектуалды дәстүрді қалыптастырудағы маңызды субъектілер болғанын зерделеу үшін теориялық негіз ретінде мәдениет философиясы әдісі қолданылады. Мақалада жергілікті халықтың жадында сақталған әулиелердің мәдени рөлі мен әлеуметтік ерекшеліктерін көрсету үшін Түркістан өңірінен жинақталған эмпирикалық материалдар негізге алынды. Осылайша, XX ғасырдың әлеуметтік-саяси оқиғалары контекстінде ұмытылу, ығыстыру және ревитаризация себептері талданады. Ислам діні мен көшпелі түркілердің дүниетанымының өзара ықпалының күрделі мәселелері және әулие танымының ығыстырылу жағдайлары зерделенеді. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап бүгінгі күнге дейінгі аралықта мәдени жадыдағы сакралды және діни ерекшеліктердің философиялық негіздері қарастырылады.

Әулиелердің Түркістан облысы аумағынан шығуының мәдени фактілерін зерттей отырып, олардың рухани сабақтастығының салалық ерекшеліктеріне талдау жасалған. Зерттеу нысанына айналған әулиелердің бір-бірімен сабақтастығы, олардың рухани қызметінің Түркістан өлкесінің интеллектуалдық және діни дәстүрлердің қалыптасуына ықпалы көрсетілген. Осы тұрғыдан әулиелердің өмірбаянына ретроспективті талдау жасау Қазақстанның киелі географиясының феномендерін ашады.

**Түйін сөздер:** мәдениет философиясы; әулие; мәдени ландшафт; мәдени дәстүрлер; діни әдет-ғұрыптар; діни сенімдер; Түркістан облысы; қазақ даласы.

**Қаржыландыру:** Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігі Ғылым комитетінің AP19175245 «Бекасыл әулие мұрасы және жаңа Қазақстандағы дәстүрлі исламның қайта өрлеу мәселесі» гранттық қаржыландыру ғылыми жобасын іске асыру шеңберінде дайындалған.

**For citation:** Omirbay A.S., Imanzhussip R. Saints of the kazakh steppe: traditions and continuity. Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. 2024. №4(149). 310-324. <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-149-4-310-324>

**Для цитирования:** Омирбай А.С., Иманжусип Р. Святые казахской степи: традиции и преемственность. Вестник ЕНУ им. Л. Гумилева Серия Исторические науки. Философия. Религиоведение. 2024. №4(149). 310-324. <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-149-4-310-324>

## Кіріспе

Қазақ қоғамы үшін дін саласы тәуелсіздік алған жылдардан бастап жаңашылдыққа толы болды. Атап айтқанда, Қазақстан халқының санасын улап, атеист қоғамды қалыптастыруды мақсат тұтқан Кеңес үкіметі саясатының салдарын ұтымды пайдаланған діни миссионерлер 1992 жылы қаңтардың 15 күні Қазақстан Республикасының Жоғары Кеңесі қабылдаған «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заңында қарастырылған дін еркіндігін негізге ала отырып еліміздің аумағына кіріп өз жұмыстарын қарқынды жүргізді (Заңнама, 1992). Саяси әрекеттер негізінде дәстүрлі дінін біршама ұмытып, руханияты нарықтық заманның қыспағына соқтыққан қазақ қоғамының бір бөлігі діни адасушылықтарға аяқ басты. Қасиетті түсінігін басқа түсініктермен алмастырған қоғам мүшелері әулие, сакралды немесе қасиетті мекен деген ұғымдарға немқұрайды қарай бастады.

Бүгінгі таңда қазақ қоғамы арасында ол түсініктерге екі түрлі көзқарастар қалыптасқан. Біріншісі, әулие түсінігін рухани құндылық санап зиярат етсе. Екіншісі, оларды жаңа құндылықтармен алмастырды. Осылайша Қазақстан қоғамының санасы трансформацияға ұшырады.

## Материалдар мен зерттеу әдістері

Дереккөздер базасы ретінде Қазақстанның оңтүстік өңірінде орналасқан әулиелер жайында бүгінгі таңда мәлім әдебиеттерде берілген ақпараттар, өлкетану және мемориалдық мұражайлардың сайттары, БАҚ және интернет-ресурстарындағы материалдар мен жарияланымдар пайдаланылады. Түркістан облысы аумағында орналасқан әулиелерге зерттеулер жүргізу кезінде бақылау, ғылыми тұрғыдан сипаттау, анализ жасаудың салыстырмалы тарихи және логикалық түрлері және шолу әдістері қолданылады.

## Талқылау

Қазақ даласында әулие деп танылған тұлғалардың шығу тарихына көз жүгіртсек олардың негізгі бөлігі тікелей ислам дінімен сабақтасқан. Бұл ойымызды әулиелер жайында сақталған деректерге сүйене отырып тұжырымдаймыз. Бүгінгі күнге мәлім әулиелердің шежірелік деректеріне көз жүгіртсек, олардың «ақсүйек», «қожа» болғандығы жөнінде деректерді кездестіреміз. Бұл деректер «Әулие» түсінігінің түркілер даласына жаңа дінді насихаттап келген Араб миссионерлерінің келу кезеңдерімен тұспа тұс келетіндігін көрсетеді.

Әулие түсінігінің ислам дініндегі баламасын қарастырсақ. «Әулие – Араб тілінен أولياء (жекеше түрі ولی) – желеп-жебеуші, ерекше діндарлығымен, дін жолына кір-шіксіз берілгендігімен халық сеніміне ие болған қасиетті тұлға», – деп Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында анықтама берілген (Нысанбаев, 1999: 21). Ислам энциклопедиясында «әулие сөзін – достар, жақындар. Уәли сөзін – соның жекеше түрі құран сөзінде көбінде «дос» деген мағынада қолданылады. Алланың достары (evliyaullah), Алланың қаһарынан қорқатын, мұсылмандарға жәрдемші, жақсылықты ұлықтап, жамандықтан аулақ жүруді насихаттаушы», – деп түсіндірме берілген (İslam Ansiklopedisi, 1977: 189). Түрік тілі мен әдебиеті энциклопедиясында «Әулие – балама сөзі уәли. Парсы, түрік тілдерінде жекеше түрде қолданылады», – деп анықтама берілген (Yayınları, 1977). Бұл түсіндірмелерде беріліп отырған «Әулие» немесе «Уәли» түсініктерін жаратушының нұсқаған жолын толық ұстанушы деп нақтылап, «Досы» деген ұғымның астарында жаратушы нұсқаған жолмен жүруші, қағидаларды ұстанушы деп толықтыра кеткен жөн деп санаймыз.

Ислам дінімен сабақтаса келген әулие түсінігі жөнінде Құран Кәрімнің сүрелерінде төмендегідей деректер берілген. «Әулие» түсінігі Құран Кәрімнің Бұқара сүресінің 107 аятында «Білмедің бе? Көктер мен жердің иелігі Аллаға тән. Сендер үшін Алладан өзге не дос, не жәрдемші жоқ» (Алтай, 1991: 17), Зүмәр сүресінің 3 аятында «Көңіл бөліңіздер! Дін – нағыз Аллаға тән. Сондай Алладан өзгені дос тұтқандар: «Біз бұларға, Аллаға жақындастырсын деп қана табынамыз...», – деп жазылған (Алтай, 1991: 458). Бұл аяттарда Алланы дос тұту идеясының астарында нұсқалған ізгі жолды ұстану мақсаты жатыр. Ізгі жолды ұстану, өзге жолдарға түспеу мәселесі арқылы қоғам жадының рухани болмысын жүйелеу назарға алынған.

Аталып отырған әулиелердің халық ішінде үлкен құрметке ие болып, бүгінгі күнге дейін халық жадында сақтауының себебі дін мен ғылымды сабақтастыра меңгеруінде болды. Діни және ғылыми сауаты жоғары тұлғалар өмірде кездесетін түрлі сұрақтарға дәйекті жауап қатып, болашаққа көз жүгірте алған. Бұл тұжырымымыз арқылы қазақ даласына ислам дінімен бірге ғылым келді деп айтуымызға толық негіз бар. Жоғары діни сауатымен ғылыми білімінің сабақтасуы діни, іліми сұрақтарға тұшымды жауап қатуға негіз болды. Осы себепті жергілікті халық аталған білім иелерін әулие тұтып бүгінгі күнге дейін зиярат етуде.

Тәуелсіздік алған жылдардан бастап бүгінгі күнге дейінгі аралықта трансформацияланған түсініктер мен жаңа ұғымдары қалыптасқан кезеңде келесі мәселеге назар аудару керек. Бірінші, діни ұстанымның негізі саналатын Құран Кәрімді аудару. Екінші, қоғам ішінде аудиториясы үлкен, діни сауаты шала қоғам өкілдерінің түрлі форматта дәрістер мен онлайн курстар өткізуін қадағалау. Аталып отырған Құран Кәрімді қазақ тіліне аудару барысында жіберілген ағаттықтар қоғам ішінде дәрістер өткізетін аудиториясы үлкен дәріскерлердің теріс бағытта насихат жүргізуіне негіз болып кету мүмкіндігі өте жоғары.

Жоғарыда аталған мәселені негіздеу үшін Құран Кәрімнің аудармалары арасындағы мәтіндік айырмашылықтарды келесі әдебиеттерге сілтеме бере отырып көрсетпекпіз. Олар, 1991 жылы қазақ тілінде басылып шыққан Х.Алтайдың Құран Кәрім аудармасы

(Алтай, 1991), 2019 жылы басылып шыққан Кустаевтың Құран Кәрімнің орысша-қазақша аудармасы (Кустаев, 2019) және 2013 жылы басылып шыққан Құран Кәрімнің қазақша аудармасы назарға алынды (Құран Кәрім. Мағыналар және түсіндірмелерінің аудармасы, 2013). 1991 жылы басылып шыққан аударма мен 2013 жылы басылып шыққан аудармалар арасында негізгі ой сақталғанымен мәтіндер арасындағы айырмашылықтар анықталды. Мысалы, сүрелердің атаулары Х. Алтайдың аудармасында «Әли Ғымран» сүресі деп жазылса (Алтай, 1991: 53), 2013 жылғы аудармада «Әли Имран» сүресі деп жазылған (Құран Кәрім. Мағыналар және түсіндірмелерінің аудармасы, 2013: 57). Х. Алтайдың аудармасындағы «Ахзап» сүресі (Алтай, 1991: 418), 2013 жылғы аудармада «Әл-Ахзаб» сүресі деп берілген (Құран Кәрім. Мағыналар және түсіндірмелерінің аудармасы, 2013: 421). Х.Алтайдың аудармасындағы «Әли Ғымран» сүресінің 175 аятында «Негізінен шайтан өз достарын қорқытады. Сондықтан олардан қорықпаңдар, Менен қорқыңдар, егер мүмін болсаңдар», – деп берілген (Алтай, 1991: 73). Ал 2013 жылы басылып шыққан аударманың «Әли Имран» сүресінде «Шын мәнінде, сол – шайтан, өзіне ерушілерді ғана қорқытады. Сондықтан олардан қорықпаңдар, иманды /мүмін/ болсаңдар Менен қорқыңдар», – деп жазылған (Құран Кәрім. Мағыналар және түсіндірмелерінің аудармасы, 2013: 84). Бірінші әдебиетте қолданылған «достары» сөзі екінші әдебиетте қолданылмайды. Мәтінде ой ғана сақталған. Х. Алтайдың аудармасындағы «Бұқара» сүресінің 107 аятында «Білмедің ба? Көктер мен жердің иелігі Аллаға тән. Сендер үшін Алладан өзге не дос, не жәрдемші жоқ», – деп жазылса (Алтай, 1991: 17), 2013 жылғы аудармада «Аспандардың және жердің билігі Аллаһта екендігін білмедің бе? Сендерге Аллаһтан өзге қамқоршы да, көмек беруші де жоқ», – деп жазылған (Құран Кәрім. Мағыналар және түсіндірмелерінің аудармасы, 2013: 21). Бұл жерде де бірінші әдебиетте қолданылатын «дос» сөзі екінші әдебиетте қолданылмайды. Біз бұл ізденістеріміз арқылы Құран Кәрімнен кемшілік іздемей, мақалада сілтеме беруші әдебиет ретінде Х. Алтайдың 1991 жылы басылып шыққан аудармасын негізге алғандығымызды айтқымыз келеді. Сондай-ақ, екі аударма арасындағы мәтіндік айырмашылықтар қоғам ішінде түсініспеушіліктер туындатуы ықтимал деп атап өткіміз келеді.

Құран Кәрімдегі аталған айырмашылықтар діни сауаты аз немесе мүлдем сауаты жоқ ізденушілер үшін үлкен мәселеге айналып, әдебиеттердегі сүрелерді екі түрлі сүре деп қабылдау мүмкіндігі жоғары. Және де, бұл мәтіндік айырмашылықтар діни адасушылыққа жол бастаушы топтар үшін жаңа бастамаларды жүзеге асырудың кілті болуы ықтимал.

Әулие түсінігі бойынша ізденістер жасаған отандық ғалымдардың еңбектеріне шолу жасасақ «Әулие деп негізінен сопылық жолды ұстанған, шариғат пен тарихатты үндестіріп, ақиқатқа қол жеткізген тақуа ғалым һәм сопыларды айтады. Кез келген сопы мен ғалымның әулие атануы тағы неғайбіл», – деп Қазыналы Оңтүстік жинағында деректер беріледі (Тажиев, 2011: 124). Зерттеуші Р. Ілиясова «Әулиелердің адамдар арасындағы басты миссиясы – қоғамдағы құндылықтарды сақтау, ел бірлігі, тұтастығы, рухани-әлеуметтік тұрақтылықты сақтау болатын», – деп тұжырымдайды (Тажиев, 2011: 124). С.Қондыбай «Әулие – халықтың арасында ерекше діндар-тақуалығымен,

шипа дарытқан емшілігімен әйгілі болған, керемет қасиетке ие, қауымға рухани тәрбие жүргізуші тұлға. Әулие – уәли деген араб сөзінің көпше түрі, қазақша қасиетті деген мағынаны береді. Бұл сөз Құран Кәрімде Алламен пайғамбарға қатысты жебеуші, жарылқаушы деген мәнде кездеседі. Ал хадистерде жақын болу деген мағынада, яғни Уәли Аллаһ – Аллаға жақын, дос, Алланың мейірімі түскен деген ұғымда ұшырасады», – деп жазған (Қондыбай, 2018: 194). Аталған әдебиеттердегі авторлар әулие ұғымының сипаттамасын барынша ашып беруге тырысқан. Келтірілген сілтемелердің ішінде С.Қондыбайдың тұжырымдамасымен толық келісуге болады. «Алланың мейірімі түскен» деген теңеуін екінші балама сөзбен тылсымның таңдауы түскен тұлға деп атауға болады. Алланың мейірімі түскен таңдаулылар дін мен білімді сабақтастырудың нәтижесінде үлкен нәтижелерге қол жеткізіп әулиелік деңгейге көтерілген.

Бүгінгі таңда қоғам ішінде «Әулиелер бар ма? Біз оларды тани алмай жүрміз бе? Бар болса қайда?» деген сұрақтар туындап жүр. Осы сұрақ бойынша ізденістер жасап жүргендер зерттеушілердің бірі Б. Әбдірахманов ««Осынша әулие қазір бар ма, бар болса, қайда?» деп ойлауы мүмкін. Олар біздің арамызда бар, бірақ біздің пенделік «мен мендігіміздің» басым болуына байланысты мойындағымыз келмейді. Олардың жақсылығын, әулиелік қасиеттерін уағыздауға қазіргі қоғамның рухани деңгейінің төмен болуына байланысты адамның әулиелігін фәниден бақилыққа өткенде ғана айтамыз», – деп ойын тұжырымдайды (Әбдірахманов, 2010: 48). Б. Әбдірахмановтың тұжырымына толық келісеміз. Саяси әрекеттердің негізінде алдыңғы буын мен кейінгі буынның арасындағы сабақтастық үзілді. Сол сабақтастықтың үзілуі бүгінгі қоғамның әулиелерді тану білімінен айырылуына себепкер болды. Тіптен, қоғам ішіндегі әулие деп атауға сай келетін тұлғаларды анықтамақ түгілі, өткен әулиелердің аттары мен орналасқан мекендерін жадымыздан шығаруға ықпалы зор болды. Осы тұжырымымызды негізге ала отырып 1-кестеде көрсетілген оңтүстік өңірінде орналасқан 32 әулие назарға алынды. Кестеде көрсетілген әулиелердің өмір сүрген кезеңі, шығу тегі, орналасқан жері, есімдері мен лақап аттары және халық жадында сақталған естеліктері зерделенді.

Кесте 1. Түркістан өңіріндегі әулиелер.

№	Әулие атауы	Өмір сүрген ғасырлары	Орналасқан жері	Шығу тегі
1.	Ақбикеш мұнарасы	XII-XIII ғ.ғ.	Созақ ауданы, Ақсүмбе ауылы	Алшын
2.	Айтжан әулие	белгісіз	Созақ ауданы, Созақ ауылы	Маңғытай
3.	Ахмед баб	белгісіз	Созақ ауданы, Өрқақпа түбінде	Ақсүйек
4.	Әбдіжәлел баб	белгісіз	Созақ ауданы, Шо-лаққорған ауылы	Ақсүйек
5.	Бақай әулие	белгісіз	Созақ ауданы, Суындық	Маңғытай

6.	Бәйжі (Бәжі) әулие	белгісіз	Созақ ауданы, Қаратаудың етегінде	Ақсүйек
7.	Бекетай әулие	XIX ғ.	Қарақұр ауылы, Теректі шеңгелі	Қоңырат, Жетімдер
8.	Бибі Мәриям	белгісіз	Созақ ауданы, Шолаққорған	Ақсүйек
9.	Бөкенбай әулие	XVIII-XIX ғғ.	Созақ ауданы, Суындық өзенінің бойы	Қоңырат
10.	Жаманбай әулие	XVI ғ.	Созақ ауданы, Жамантас асуында	Қоңырат
11.	Изен әулие	белгісіз	Созақ ауданы, Изенді ауылы	Ақсүйек
12.	Кеңқол әулие	белгісіз	Созақ ауданы, Қаратаудағы Суындық бұлағы маңында	Ақсүйек
13.	Қазаншы (Абдуләзіз Қашқари) әулие	XVIII-XIX ғғ.	Созақ ауданының орталығындағы қорымда	Ақсүйек
14.	Қарабура әулие	белгісіз	Созақ шаһары	Тама
15.	Сақ әулие	X-XIII ғғ.	Қарақұр өзені бойындағы қорғанда	Ақсүйек
16.	Абдал әзіз баб немесе Балегардан әулие	белгісіз	Сайрам елді мекеніндегі қабірстанда	Ақсүйек
17.	Ақ ата әулие Шахабиддин Испиджаби	белгісіз	Сайрам елді мекеніндегі Ақкөпір	Ақсүйек
18.	Әбдірахым ата әулие	белгісіз	Сайрам елді мекенінің ортасында	Жергілікті халық тумасы
19.	Бақырғани Сүлеймен әулие	1186 жылы қайтыс болған	Сайрам	Белгісіз
20.	Бекет ата немесе Бекіш ата әулие	белгісіз	Қарабұлақ ауылындағы қорымында	Ақсүйек
21.	Бибі Мәриям ана	белгісіз	Сайрам елді мекені Әмір Темір көшесі 225 А	Ақсүйек
22.	Боздақ ата немесе Камалиддин Байзауи	XII ғ.	Сайрам елді мекені Жүсіп Сайрами көшесінде	Ақсүйек
23.	Ботбай баба	Белгісіз	Сайрам елді мекенінде	Дулат
24.	ГЭС	Белгісіз	Қарабұлақ ауылындағы Қарасу өзені бойында	Белгісіз
25.	Жүсіп-Юша пайғамбар	Белгісіз	Өтеміс ауылында	Белгісіз
26.	Ыбрайым ата	XI-XII ғғ.	Сайрам елді мекені	Ақсүйек

27.	Қажы қожа	XI-XII ғғ.	Сайрам елді мекені	Ақсүйек
28.	Қарашаш ана немесе Айша	XI-XII ғғ.	Сайрам елді мекені	Ақсүйек
29.	Қыз әулие немесе Сандуғаш	Белгісіз	Сайрам елді мекені Тассай ауылы	Белгісіз
30.	Мәшһүрат баба немесе Латфулла баба	X-XI ғғ.	Сайрам елді мекені Ботай баба қабірі қасында	Белгісіз
31.	Сатыбалды ишан	XIX-XX ғғ.	Сайрам елді мекені	Ұзын қыпшақ
32.	Бекасыл Әулие	XIX-XX ғғ.	Төлеби ауданы Кеңесарық елді мекені	Жаныс

*Ескерту.* Авторлар құрастырған.

Тізімдегі әулиелердің 5-нің руы белгісіз, 16-ы ақсүйек тұқымынан шыққан, 10-ның руы анықталған, 1-і жергілікті халық руынан шыққан деген деректер бар. Бұл деректер тек әулиелердің шығу тегі бойынша берілген ақпараттар. 32 әулиенің жартысының шығу тегі ақсүйектер тұқымынан болуы жоғарыда айтылған тұжырымымызды негіздей түседі. Аталған әулиелер 5 – әйел кісі, 26 – ер кісі, 1 – жынысы анықталмаған. Өмір сүрген кезеңдері бойынша X-XV ғасырда ғұмыр кешкен әулиелер саны – 8, XVI-XX ғасырларға тиесілі әулиелер саны – 6, қай ғасырда ғұмыр кешкені белгісіз әулиелер саны – 18. Назарға алынған 32 әулиенің 56,3% өмір сүрген кезеңдері белгісіз. Кестедегі әулиелердің шығу тегіне, өмір сүрген кезеңіне байланысты деректердің сақталмауы патша үкіметі тұсында басталып, кеңес үкіметінің тұсына дейін жүргізілген саяси әрекеттердің жемісі деп атауымызға болады.

Келтірілген әулиелердің ішінен аты-жөні халық жадында сақталмаған әулиелерді кездестіруге болады. Мысалы, ГЭС әулие. «ГЭС әулие – әулиеге салынған Қарабұлақ ауылдық әкімшілігінің орталығы Қарабұлақ ауылындағы Қарасу өзені бойында орналасқан ескі су электр станциясы жанында. Жергілікті халық әулиенің атын ұмытқан, орналасқан жеріне қарай «ГЭС әулие» деп атап кеткен. Тарихшы Ә. Далабаевтың жинаған деректерге қарағанда әулиеге сағананы Әмір Темір салдырған. Жоңғар шапқыншылығы кезінде сағана бұзылып, ауыл ақсақалдары ескі сағана орнына өздері сағана көтерген» (Қазыналы оңтүстік, 2011: 165-166). Халық жадында тек әулие деген деректер сақталған. Әулие жайындағы барлық деректерді халық ұмытқан.

Халық ішінде лақап атымен сақталған әулиелердің бірі Қазаншы әулие (Абдуләзіз Қашқари) жайындағы деректерге тоқталсақ. «Әмір Темірдің жарлығымен 1399 жылы Қ.А. Ясауи кесенесі үшін тайқазан құю жоспарланады. Маусым айында Түркістан қаласының батысында 27 шақырым қашықтықта орналасқан Қарнақ елді мекенінде (қазіргі Атабай ауылы) тайқазанды құю жұмысы басталады. Бұл жұмысты ирандық шебер Әбділ Әзиз ибн Шарафуддин қолға алған еді. Әбділ Әзиз қазанды мыс, мырыш, алтын, күміс, қола, қорғасын, темір қоспаларынан құйды» (Олжабай, 2022). Қазыналы Оңтүстік жинағында осы Қазаншы әулие жөнінде келесі деректер жазылған «Азан

шақырып қойған аты – Абдуләзіз. Қабірі мен қойылған белгісі Созақ ауданының орталығындағы қорымда орналасқан. Жергілікті халық қорымды әулиенің атымен атайды. Әулиенің басына кесене кесектен салынған. Басына қойылған мәрмәр тасқа «Абдуләзіз Қашқари әулие XIV ғ.» деп жазылған. Әулие атына байланысты аңыздарға қарағанда Қожа Ахмет Иасауидің кесенесіндегі Тайқазанды құйған тәбіріздік шебер осы кісі көрінеді. Содан қазаншы ата атаныпты», – деп жазылған (Қазыналы Оңтүстік, 2011: 112). Қазаншы әулиенің көне Қарнақ, қазіргі Атабай ауылында ғұмыр кешіп, тайқазанды жеті металдың қоспасынан құйғандығы жөнінде берілген деректерінде ғылыми негіз бар. Жеті металдың балқу және қайта қалпына келіп қатаю температурасы әртүрлі болатындығын ескерсек, XIV ғасырда түрлі металды қосып, бір қоспа жасаудың өзінде үлкен білім жатыр. Келтірілген ақпараттар Қарнақты өз заманындағы технологиялық жетістіктер мекені деп тұжырымдауға негіз болады. Қарнақтың өз заманында дін мен ғылым саласындағы орнын Индиана университетінің профессоры А.Хабибуллаевтың зерттеулерінде келесідей баяндайды: «Қарнақ большевиктердің төңкерісіне дейін ислам дінінің өлкесіне, әсіресе ислам дінінің қазақ даласына енуіне ерекше рөл атқарған діни-ағартушылық орталықтардың бірі болды. Өлкетанушы ғалымдардың айтуынша, 1917 жылғы қазан төңкерісіне дейін Қарнақта төрт медресе жұмыс істеген» (Хабибуллаев, 2014: 43). Зерттеуші берген деректерін Қарнақтағы кітапханалар жөніндегі келесі тұжырымымен негіздей түседі: «Қалпа медресесі жанында ірі кітапханада болған. Себебі, кітапханасы болмаған жағдайда тәлім беретін мекемелер оқу орны ретінде саналмаған. Белгілі фольклортанушы ғалым Зейне Оразбекова да өзінің кітабында Қозы домолла медресесінің жанында бай кітапхананың болғандығын айтады. Аталмыш кітапханадағы қолжазба кітаптардың парақтарына Қоза дамолланың жеке мөрі басылған. Мөрде, «Я, Қаййум. Қозы дамолла ибн Хафиз хожа, муфти – шаръ-и шариф», – деген жазу араб әліпбиінде жазылған» (Хабибуллаев, 2018: 59). А. Хабибуллаев медреселердің жанында кітапханалар жұмыс жасағандығы жөнінде деректерді келтіре отырып, Қазаншы әулиенің дәл осы Қарнақта ғұмыр кешуі мен тайқазанды осы жерде құюының себебін негіздейді. Өкініштісі, Қарнақта жүзеге асырылған жоғарыда аталған жетістіктер саяси әрекеттер негізінде жадыдан шығарылып, тарих беттерінен өшірілген. Тізімдегі әулиелердің бірі Бекасыл әулиенің ғұмырыда осы Қарнақ елді мекенімен байланысты. Өлкетанушы Алтынбек Құрмановтың деректеріне сүйенсек Мәшһүр Жүсіптің шәкірті Иманғали Мәнәнұлының жинағынан 1987 жылы 20 тамызда көшіріліп алынған жазбада Мәшһүр Жүсіптің Бекасыл Биболатұлымен кездесуі бойынша келесідей деректер берілген. Онда Түркістанға шыққан ұзақ жолдан қажыған Мәшһүр Жүсіптің Бекасыл әулиемен жолығуы жазылған. Деректе Бекасыл әулие білім алу жолын келесідей баяндалады «Сайрам, осы бара жатқан Қарнақтағы медреселерді түгестедім, жоғымды іздеп Тәшкен, Самарқан, Бұхарай Шәріптен бір-ақ шықтым. Мір Ғарабтағы оқу-тоқу аздық етті, ұстаздарым ақыры (Шам) Дамашыққа шығарып салды» (Құрманов, 2013). Бекасыл әулиенің білім алған медреселерінің ішінде Қарнақтағы медреселердің болуы кездейсоқтық болмаса керек. Бұл деректер сол кездерде жұмыс жасаған медреселердің арасындағы сатылық сабақтастықтың болғандығының айғағы болса керек.



Бекасыл әулиенің ғұмыр мен жерленген жері жөнінде зерттеу жүргізген ғалымдар «Б. Биболатұлы Батыс Тянь-Шань тау сілемдерінің етегінде 1822 жылы қазіргі Түркістан облысы Төлеби ауданы Қасқасу ауылдық округы аумағындағы «Сайрамсу, Қасқасу, Қарасора» дейтін үш өзеннің тоғысқан жерінде дүниеге келген, 1915 жылы туған жерінде қайтыс болған», – деп деректер келтіреді (Зикзал, 2017). Келтірілген сілтемелер кейінгі әулиелердің белгілі бір мектептерден білім алғандығын айғақтай түседі.

Келесі нысан – Ақбикеш әулие. Әулие жөнінде «Егемен Қазақстан» газетіне Б.Тайжан «Тарихи деректерде Ақбикеш мұнарасы XIII ғасырда Дешті-Қыпшақ тайпасы қарауыл мұнарасы ретінде салынғаны жазылған. Мұнара биік жерде таудың төмен қабатында орналасқан. Кезінде биіктігі 24 метр шамасында лайдан тұрғызылған мұнара қазір 13 метрге түскен», – деп деректер келтірген (Тайжан, 2016). Ал, «Қазыналы Оңтүстік» жинағында Ақбикеш әулие жөнінде келесідей деректер келтіреді: «Ақбикеш мұнарасы жөнінде бірнеше аңыздар бар. Біріншісін ақын Манап Көкенұлы жазған «Ақбикеш» аңыз дастаны. Онда, бір байдың сегіз ұлы бір қызы болады. Ақбикеш сүйгені Тәліппен қашып кетеді. Әкесі ашуға мініп қуып барып екі ғашықтың басын алып еліне қайтыпты. Халық мерт болған ғашықтарды бірге жерлеп басына мұнара тұрғызылған екен. Екінші аңыз. Ақбикеш Алшын руының аяулы аруы екен. Ел шетіне тиген жауға ерлермен бірге соғысып ерлік көрсеткен. Жау қолынан мерт болған соң, сүйегін елге алып келіп жерлеп, басына мұнара салған. Үшінші аңыз. Ақбикеш ұзақты көретін қасиетке ие болған екен. Ол өзіне биік жерден мұнара салдырып, сол мұнарадан ұзаққа көз тігіп, елінің жауларына ұзақтан көз тігіп отырады екен. ... Ақбикеш ұзақ ғұмыр кешіп өмірден өткеннен соң халық бейіт басына мұнара салыпты» (Қазыналы Оңтүстік, 2011: 8). Ақбикеш мұнарасы аталып әулие саналған географиялық мекенге жоғарыдағы әдебиеттерде келтірілгендей мағлұматтар кездестіруге болады. Жергілікті халық Ақбикеш есімін жаужүрек жауынгер келбетінде сақталған.

Тізімдегі келесі әулие – Бибі Мәриям. Бұл әулие жөнінде: «Шолақорғандағы «Өр қақпаның» батыс бөлігінде орналасқан. ...Оңтүстік-Шығысында емдік қасиетке бай бұлақ бар. Тарихи деректерге сәйкес Ысқақ бабтың екі қызы болған: Үлкені – Бибі Гауһар ана, кішісі – осы Бибі Мәриям. Теріскей өңірдегі құдіреті күшті, ең жасы үлкен әулие әйел – Гауһар ана сіңлісі бибі Бибі Мәриямның түсіне еніп, жарылқаған екен» – деген деректер келтіреді («Киелі мекен»: Созақта «Бибі Мәриям», 2024). Тарихи деректерге қарасақ, Бибі Мәриям Қожа Ахмет Ясауиге туыс болып келеді. Тарихи шежірелердің бірінде «Ысқақ бабтың ұлы Харун шайық. Оның ұлы Момын шайық. Оның ұлы Мұса шайық. Оның ұлы Ысмайыл шайық. Оның ұлы Хасан шайық. Оның ұлы Осман шайық. Оның ұлы Омар шайық. Оның ұлы Мухаммад шайық. Оның ұлы Ифтихар шайық. Оның ұлы Махмуд шайық. Оның ұлы Ілияс шайық. Оның ұлы Ибрахим шайық», – деп жазылған (Құрбанқожаев, 2024). Мұндағы Ибрахим шайық Қожа Ахмет Ясауидің әкесі болып келеді. Сонда Қожа Ахмет Ясауи он екінші атасына барғанда Бибі Мәриямның әкесі Ысқақ бабтың туысы болып келеді. Қазыналы Оңтүстік жинағында Ыбрайым (Ибрагим) ата жөнінде «Көптеген мүридтерге ұстаздық қылған Ыбрайым ата Қожа Ахмет Иассауидің әкесі. XI-XII ғасырларда өмір сүрген. Ел ішіндегі әңгімелерге қарағанда Ыбрайым ата Қожа Ахметтің жеті жасар кезінде қайтыс болған. Әкесінің аты Махмұд.

Кесенесі Сайрамдағы Ыбрайым ата көшесінің бойындағы Ыбрайым ата қабірістанында. Атаның тегі Мұхаммед пайғамбардың күйеу баласы Әзіреті Әліден тараған, 12-баба буыны Ысқақ баб делінген. Кесенесі алғаш XII-XIV ғасырларда салынған», – деп ақпарат берілген (Қазыналы Оңтүстік, 2011: 198-200). Екі ақпарат көзінде де Қожа Ахмед Ясауидің бабаларының он екінші буынына келгенде Ысқақ бабпен туыс болып келетіндігі баяндалған. Сайрам елді мекені маңында орналасқан Қарабұлақ ауылындағы әулие Бектан атаның (Бекіш ата) шежіресі жөніндегі деректерде Қожа Ахмет Ясауидің бабасы Махмұд шайық болғандығы жазылған. Онда «Бектан ата (Бекіш ата) әулие – басына салынған сағанасы Қарабұлақ ауыл әкімшілігінің орталығы Қарабұлақ ауылының батысындағы «Бектан ата» қорымында. IX ғасырда өмір сүрген Бектан ата Ыбрайым атаның ұрпағы екен. Қожа Ахметтің Аққарадан табылған шежіресінде: Қожа Ахметтің бабасы Махмұд шайықтың Мұхаммед шайық деген інісі болған. Одан Бегімші, одан Қожа ата, Бекіш ата туған делінген. Қазіргі сағанаты орнында Әмір Темір салдырған кесене үйіндісі бар», – деп жазылған (Қазыналы Оңтүстік, 2011: 153). Бұл шежірелік деректер Қожа Ахмет Ясауидің бабасы Махмұд шайық болғандығын айғақтайды, Бекіш атаның Қожа Ахмет Ясауиге туыстық қатынасы бар екендігін атап өтеді. Кестеде көрсетілген әулиелердің бірі Қарашаш ана да Қожа Ахмет Ясауиге туыстық қатысы бар болып келеді. Зерттеуші Қ. Слямбек Қарашаш ана жөнінде төмендегідей деректер келтіреді: «Қарашаш ана – Қожа Ахмет Ясауидің анасы. Кей деректерге Айша хатун немесе Айша бибі деп те келеді. Ол кісі туралы деректер аз. Дегенімен Түрік халықтары арасында даналығымен, білімімен, діни сауатымен, көрегендігімен есте қалған жандардың бірі болғандығы аңыз-әңгімелерде көп айтылады. Кейбір ғалымдар Қожа Ахмет Ясауидің анасынан жастай айырылғанын ескере отырып, Қарашаш ана, шамамен, 1099-1100 жылдарда өмірден озған дегенді айтады» (Слямбек, 2020). Жоғарыда келтірілген әулиелер арасындағы сабақтастыққа назар аударсақ, олардың бір-біріне туыс болғандығы анықталды. Шығу тегі ақсүйек тұқымы болған, осы сабақтастық әулиелердің бір бөлігінің қожа болуының себебін айқындайды. Алғашқы кезде өз бейнесі арқылы әулиелерді тану, оларды анықтау білімін түркілер даласына алып келген қожалар, уақыт өте келе жергілікті халық ішінен әулиелерді анықтауға негіз болды. Осылайша, ислам дінімен келген діни білім пен ғылыми білімді сабақтастырған жергілікті түркілер арасында әулиелер таныла бастады.

## Қорытынды

Ұлттық болмысын санасынан шығаруға жақын қалған қазақ қоғамы тәуелсіздік алған жылдардан бастап бүгінгі күнге дейінгі аралықта жоғалтқанын қайта қалыптастыру үшін орасан зор жұмыстар жүргізуде. Десекте, 1992 жылы бекітілген заңнаманың әлсіз тұстарын көрген түрлі діни сенімдердің өкілдері өздерінің миссионерлік әрекеттерін жүзеге асыру үшін елімізге көптеп енді. Олар насихаттау жұмыстарын жүргізе отырып, жоғалтқанын іздеген қоғамның санасын шамасы жеткенше улады. Бұл әрекеттерді дәстүрлі исламның көлеңкесіне тығылған өзге діни бағыттарда жүзеге асырды. Осылайша «ширік» қосу түсінігін алға тартып, ата-баба әруағы мен әулиелерге деген

көзқарастарды түрлендірді. Аталған сыртқы күштердің ықпалынан әулиелерге зиярат ету мен ата-баба әруағына құран бағыштау мәселелері айналасында түрлі түсініктер қалыптасты. Жоғарыда айтылған күрделі мәселенің шығу тарихы мен әулиелер жөнінде сақталған деректерді саралай келе, Құран Кәрімді жетілдіру мақсатында жүзеге асырып жатқан жұмыстар назарымызға ілікті. Зерттеу барысында Құран Кәрімнің аудармалары арасында негізгі ой сақталғанымен, мәтіндік айырмашылықтардың туындап жатқандығы анықталды. Мәтіндік айырмашылықтарды аударма жұмыстарын жүргізу барысындағы жетілдіру әрекеттерінің көрінісі деп санасақта, діни сауаты төмен қоғам өкілдері үшін жаңа дүние ретінде танылуы ықтимал. Жоғарыда келтірген заңнаманың оңтайлы тұсын пайдаланып еліміздің аумағына енген өзге діни бағыт өкілдері бүгінгі таңға дейін еліміздің аумағында жүргенін ескерсек, олар үшін қоғамның арасына іріткі салуға және де сананы улауға осы мәтіндік айырмашылықтар жаңа бір құрал болуы ықтимал екендігін атап өткіміз келеді.

Зерттеу барысында Түркістан облысында орналасқан дәстүрді қалыптастырушы 32 әулие жөніндегі деректерді саралай келе, олардың негізгі бөлігі жөніндегі деректер халық жадынан өшірілгендігі анықталды. Эмпирикалық зерттеу әдістеріне сүйенсек әулиелер жөніндегі деректер аз сақталған. Олардың аты ұмытылғаны, жынысы мен шығу тегі жадымызда сақталмағандары аз емес. Тіптен, орналасқан орнына қарай аталып кеткен әулиелер де шықты. Мәдени жады да деректердің сақталмауы қазақ даласында жүргізілген түрлі саяси әрекеттердің жемісі болып табылады. Тізімдегі әулиелер жөнінде сақталған деректерге ретроспективті талдау жасай келе ілгеріректегі әулиелердің негізгі бөлігі қожалар тұқымынан шыққандығы, ал кейінгі бөлігі жергілікті халық тумалары екендігі анықталды. Бертін келе, жергілікті халық ішінен сол білімді санасына сіңірген таңдаулылар шықты, оларды халық танып, әулиелер қатарына қосты. Бұл білімдер көп жағдайда Сайрам, Қарнақ, Ташкент, Самарқанд, Бұқара, Дамашық қалаларындағы медреселерде берілді. Жергілікті халық ішінен шыққан әулиелердің білім алу жолы осы аталған білім ошақтарымен сабақтасады. Әулиелердің алғашқыларының қожалар, кейінгілерінің жергілікті халық ішінен шығуына аталған сабақтастық негізі болды.

Әулиелер жайындағы зерттеулер – олардың арасындағы сабақтастықты, сол кезеңдердегі жадымыздан өшірілген тарихымыздың қайта жаңғыртуға себепкер болады. Жәнеде, бұл зерттеулер дәстүр мен дін арасындағы философиялық астарды ажырата отырып бүгінгі таңда бой көрсетіп жатқан адасушылықтарға жол бермейді. Жоғарыда келтірілген аудармалар арасындағы мәтіндік айырмашылықтардың мәселесіне оңтайлы шешімнің шығуына өзіндік ықпалын тигізеді.

### **Авторлардың қосқан үлесі:**

**Өмірбай А.С.** – мақаланың өзегін дайындап, өрбу бағыттарын айқындап, логикалық негіздерін тұжырымдады.

**Иманжүсіп Р.** – Ізденістің мазмұнын сараптап, ішкі бірлігі мен нәтижелері және қорытындысын бекемдеді.

## Мүдделер қақтығысы

Бұл жұмыстың авторлары мүдделер қақтығысы жоқ екенін мәлімдейді.

### Әдебиеттер тізімі:

- «Киелі мекен»: Созақта «Бибі Мәриям» кесенесінің аумағаны тазалық жұмыстары ұйымдас-  
тырылды. 2024. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ontustik/press/news/details/752823>.
- Dergah Yayınları*. Türk dili ve edebiyatı ansiklopedisi. İstanbul, 1977. 399 v.
- Milli Egitim Basımevi*. İslam Ansiklopedisi. İstanbul, 1977. 487 v.
- Алтай Х. «Құран Кәрім» қазақша мағына және түсінігі. Медине: «Құран Шәриф» баспасы, 1991. 893 б.
- Әбдірахманов Б. *Бекет-атаның сұпылық жолы*. Алматы: «Нұрлы әлем», 2010. 248 б.
- Биболатұлы Б. *Зикрал*. Астана: «Ғылым» баспасы, 2017. Т. 1. 912 б.
- Кустаев М. *Құран Кәрім орысша-қазақша*. Алматы: ТОО «ЛантарТрейд», 2019. 819 б.
- Қазақстан Республикасының Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы заңы*, 15 қаңтар 1992 жыл, №1125-XII Заңы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z920004000>.
- Қазыналы Оңтүстік*. Т. 22: 5-кітап: өз әулиелер. Алматы: «Нұрлы Әлем», 2011. 288 б.
- Қондыбай С. *Байырғы қазақ дүниетанымының негіздері*. Энциклопедиялық басылым. Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2018. 480 б.
- Құран Кәрім. Мағыналар және түсіндірмелерінің аудармасы. Алматы, 2013. 776 б.
- Құрбанқожаев С. *Ясауи мен байланысты аңыз әңгімелер*. 2024. URL: <https://azretsultan.kz/yasauimen-bajlanysty-a-uz-gimeler/>.
- Құрманов А. *Қазақ баласы оқыдым, тоқыдым деседі, Бекасыл хазірет болама?* 2013. URL: <https://egemen.kz/article/25605-mashqur-zhusip-koreyuly-qazaq-balasy-oqydym-toqydym-dese-de-bekasy-khaziret-bol>.
- Нысанбаев Ә. *Қазақстан Ұлттық энциклопедия*. Алматы: «Қазақстан энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1999. 720 б.
- Олжабай С. *Қазаншы ата немесе тайқазанды құйған шебер Созақта жерленген бе?* 2022. URL: <https://okg.kz/post?id=29713&slug=qazanshy-ata-nemese-taiqazandy-quigan-sheber-sozaqta-zherlengen-be>.
- Слямбек Қ. *Қазақстандағы әйел-ана кесенелері*. 2020. URL: [https://massaget.kz/ruhani\\_jangyiru/kazakstandagyi-ayel-ana-keseneler-karashash-ana-60847/](https://massaget.kz/ruhani_jangyiru/kazakstandagyi-ayel-ana-keseneler-karashash-ana-60847/).
- Тайжан Б. *Ақбикеш мұнарасы қайта жаңғыртылады ма?* 2016. URL: <https://egemen.kz/article/105642-aqbikesh-munarasy-qayta-dganhghyrtyla-ma>.
- Хабибуллаев А. *Козы Ходжа ибн Хафиз Ходжа – ученый-богослов из Карнака*. «Исламоведение в Казахстане: состояние, проблемы перспективы». Материалы международного круглого стола. 2014. С. 43-48.
- Хабибуллаев А. *Қозы қожа ибн Хафиз қожа Қалпа (Халифа) медресесі*. Кітап және кітапхан. 2018, №4 (8). 58-63 б.

Абзал Омирбай<sup>а</sup>, Раушан Иманжусуп<sup>а</sup>

<sup>а</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

### Святые казахской степи: традиции и преемственность

**Аннотация.** В данной статье рассматривается феномен святых - аулие, их роль и значимость для казахской культуры. В качестве теоретической рамки используется подход философии культуры, когда аулие понимаются как важные акторы формирования интеллектуальных традиций казахской степи. В статье на основе большого эмпирического материала собранного в Туркестанской области дается описание особенностей социальных, культурных ролей аулие, их значимость для культурной памяти. Так, анализируются причины забвения, вытеснения и ревитализация в контексте социально-политических событий XX века. Рассматриваются сложные вопросы взаимного влияния ислама и мировосприятия кочевых тюрков, условия в которых происходило вытеснение знания об аулие. Отмечается, что с обретением Независимости по настоящее время идут поиски философских оснований роли сакральных, религиозных особенностей культурной памяти.

Исследуя факты происхождения святых-аулие из культурного региона Туркестана, дан анализ сетевых особенностей распространения. Показано как исследуемые аулие были связаны друг с другом, и какую роль играла их деятельность для формирования интеллектуальных, в том числе религиозных традиций этого региона. В этом контексте ретроспективный анализ биографий аулие, раскрывает феномены сакральной географии Казахстана.

**Ключевые слова:** философия культуры; святые-аулие; культурный ландшафт; культурные традиции; религиозные практики; религиозные верования; Туркестанская область; казахская степь.

Abzal Omirbay<sup>a</sup>, Raushan Imanzhussip<sup>a</sup>

<sup>a</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

### Saints of the kazakh steppe: traditions and continuity

**Abstract.** This article investigates the phenomenon of saints (auliye), their significance and role in Kazakh culture. As the theoretical base, the philosophy of culture is used, where auliye are considered one of the important factors for shaping intellectual traditions of the Kazakh Steppe. This article covers the topic of social and cultural roles of auliye and their significance for cultural memory, using a large empirical data gathered in Turkestan. Also the article analyses the possible reasons of forgetting, displacing and revitalisation in the socio-political context of events that happened in the XX century. The complex problems of mutual impact between Islam and nomadic Turks' worldview, and conditions under which the knowledge of auliye was replaced, are discussed. It is stated that there has been a continuing research for philosophical foundations for the role of sacred and religious characteristics of cultural memory, since gaining Independence.

By exploring the origins of saints (auliye) from cultural regions of Turkestan, the analysis of the network features of distribution is given. The article demonstrates how examined auliye were interconnected

with other other, and what kind of role their activities played in forming intellectual, including religious, traditions of this region. In this context, a retrospective analysis of auliye's biographies discloses the sacred geography phenomenon of Kazakhstan.

**Key words:** culture philosophy, saints-auliye, cultural landscape, cultural traditions, religious practices, religious beliefs, Turkestan region, Kazakh steppe.

### References:

- «Kieli meken»: Sozakta «Bibi Marijam» kesenesinin aumagany tazalyk zhymystary ujymdastyryldy. 2024. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ontustik/press/news/details/752823>. [in Kazakh]
- Dergah Yayinlari. *Türk dili ve edebiyatı ansiklopedisi*. İstanbul, 1977. 399 v. [in Turkish].
- Milli Egitim Basımevi. *İslam Ansiklopedisi*. İstanbul, 1977. 487 v. [in Turkish].
- Altaj H. «Kuran Karim» kazaksha magyna zhane tusinigi. Medine: «Kuran Sharif» baspasy, 1991. 893 b. [in Kazakh]
- Abdirahmanov B. *Beket-atanyň supylyk zholy*. Almaty: «Nurly alem», 2010. 248 b. [in Kazakh]
- Bibolatuly B. *Zikzal*. Astana: «Gylym» baspasy, 2017. T. 1. 912 b. [in Kazakh]
- Kustaev M. Kuran Karim oryssa-kazaksha. Almaty: TOO «LantarTrej», 2019. 819 b. [in Kazakh]
- Kazakstan Respublikasynyn Dini senim bostandygy zhane dini birlestikter turaly zany*, 15 kantar 1992 zhyl, №1125-XII Zany. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z920004000>. [in Kazakh]
- Kazynaly Ontustik*. T. 22: 5-kitap: az aulieler. Almaty: «Nurly Alem», 2011. 288 b. [in Kazakh]
- Kondyбай S. *Bajyrgy kazak dunietyanymynyn negizderi*. Jenciklopedijalyk basylym. Almaty: «Kazak tili» baspasy, 2018. 480 b. [in Kazakh]
- Kuran Karim. *Magynalar zhane tusindirmelerinin audarmasy*. Almaty, 2013. 776 b. [in Kazakh]
- Kurbankozhaev S. *Jasauimen bajlanysty anyz angimeler*. 2024. URL: <https://azretsultan.kz/yasauimen-bajlanysty-a-yz-gimeler/>. [in Kazakh]
- Kurmanov A. *Kazak balasy okydym, tokydym desede, Bekasyl haziret bolama?* 2013. URL: <https://egemen.kz/article/25605-mashqur-zhusip-kopeyuly-qazaq-balasy-oqydym-toqydym-dese-de-bekasyl-khaziret-bol>. [in Kazakh]
- Nysanbaev A. *Kazakstan Ultyk jenciklopedija*. Almaty: «Kazakstan jenciklopedijasynyn» Bas redakciyası, 1999. 720 b. [in Kazakh]
- Olzhabaj S. *Kazanshy ata nemese tajkazandy kujgan sheber Sozakta zherlengen be?* 2022. URL: <https://okg.kz/post?id=29713&slug=qazanshy-ata-nemese-taiqazandy-quigan-sheber-sozaqta-zherlengen-be> [in Kazakh]
- Sljambek K. *Kazakstandagy ajel-ana keseneleri*. 2020. URL: [https://massaget.kz/ruhani\\_jangyiru/kazakstandagy-ayel-ana-keseneler-karashash-ana-60847/](https://massaget.kz/ruhani_jangyiru/kazakstandagy-ayel-ana-keseneler-karashash-ana-60847/).
- Tajzhan B. *Akbikesh munarasy kajta zhangyrtyladyma?* 2016. URL: <https://egemen.kz/article/105642-aqbikesh-munarasy-qayta-dganhghyrtyla-ma>. [in Kazakh]
- Habibullaev A. *Kozy Hodzha ibn Hafiz Hodzha – uchenyj-bogoslov iz Karnaka*. «Islamovedenie v Kazahstane: sostojanie, problemy perspektivy». Materialy mezhdunarodnogo kruglogo stola. 2014. S. 43-48. [in Russian]

Habibullaev A. *Kozy kozha ibn Hafiz kozha Kalpa (Halifa) medresesi*. Kitap zhane kitaphan. 2018, №4 (8). b. 58-63 [in Kazakh].

#### **Авторлар туралы мәлімет**

**Әмірбай Абзал Саятайұлы** – PhD, постдок, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Философия кафедрасының аға оқытушысы, Қ.Сәтбаев к., 2, 010008, Астана, Қазақстан. <https://orcid.org/0000-0001-7183-6428>, kazak\_abzal@mail.ru.

**Иманжүсіп Раушан** – философия ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Философия кафедрасының профессоры, Қ.Сәтбаев к., 2, 010008, Астана, Қазақстан. <https://orcid.org/0000-0001-5220-5540>, raushankoshenova@mail.ru.

#### **Information about a uthors**

**Omirbay Abzal Sayataiuly** – PhD, PostDoc, senior lecturer of of the Department of Philosophy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2, Satpayev st., 010008, Astana, Kazakhstan. <https://orcid.org/0000-0001-7183-6428>, kazak\_abzal@mail.ru.

**Imanzhussip Raushan** – Doctor of philosophical science, professor of the Department of Philosophy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2, Satpayev st., 010008, Astana, Kazakhstan. <https://orcid.org/0000-0001-5220-5540>, raushankoshenova@mail.ru.

#### **Информация об авторах**

**Омирбай Абзал Саятайұлы** – PhD, постдок, старший преподаватель, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. К. Сатпаева, 2, 010008, Астана, Казахстан. <https://orcid.org/0000-0001-7183-6428>, kazak\_abzal@mail.ru.

**Иманжүсіп Раушан** – доктор философских наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. К.Сатпаева, 2, 010008, Астана, Казахстан. <https://orcid.org/0000-0001-5220-5540>, raushankoshenova@mail.ru.

Мақала 24.05.2024 редакциясына түсті; 20.06.2024 рецензиядан кейін мақұлданды; 30.10.2024 жұртшылыққа қабылданды